

БЕЙНЕСАБАҚ – СӨЙЛЕУ БІЛІКТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ САБАҒЫ

Мақалада қазақ тілі сабақтарында бейнеқұралдарды пайдаланудың тиімділігі туралы айтылады. Сабақ барысында тіл үйренушілер жаңа ақпаратты тыңдау, көзбен көру арқылы қабылдайды. Бейнесюжеттегі бояу, дауыс ырғағы, музыка, ым-ишара тіл үйренушінің эмоциясына әсер етеді, үйреніп жатқан тілде сөйлейтін адамдардың өз ана тілінде сөйлеу мәнерін тыңдап, үлгі ретінде қарастырады. Сонымен қатар мақалада оқытушының да, тіл үйренушінің де сұранысын қамтамасыз ете алатын «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшісінің тілдік портфелі» жүйесіндегі «Бейне сабақтар курсы» (CD дискісі және оқу құралы) бойынша жасалған жаттығулардан үзінді беріледі.

Кілт сөздер:

Сабақ, бейнеқұрал, жаңа технология, сөйлеу әрекеті, деңгей, дамыту.

XXI ғасыр ақпарат, ғылым мен техниканың дамыған дәуірі болғандықтан, оқыту әдістемесінде үлкен өзгерістер орын алған. Қазіргі таңда қазақ тілі сабақтарын техникалық құралсыз, компьютерсіз елестете алмаймыз. Сабақ барысында қолданылатын электронды оқулықтарды, аудио, бейнематериалдар, ғаламтор мүмкіндіктерін т.с.с көмекші құрал ретінде емес, сабақтың негізгі құралдарының бірі ретінде қолданып жүрміз.

Түрлі көрнекілікті жүзеге асыратын, сөйлеуге үйретудегі қиындықты жеңу жолының бірі – бейнесабақ. Ғалым Қ.Қадашева бейнеқұралдарды пайдалануда есту және көзбен байқау арқылы қабылдаудың әр түрлі жолдарында үйренушінің түсінігіне жан-жақты мүмкіншілік берілетінін, үйренушінің қызығушылығы артып, эстетикалық және эмоционалдық сипаттардың туындайтынын айтады.

Бейнеқұралдарды қолданудың ауызекі сөйлеуге үйретудегі ықпалы зор:

- тіл үйренуші бейнематериалды тыңдап, көзбен байқау түсінігін дамытады;
- титрда жүргізіліп (мүмкіндік болса) отыратын жазуды оқып, жаңа сөздердің жазылуын есте сақтайды;
- үйреніп жатқан тілде сөйлейтін адамдардың өз ана тілінде сөйлеу мәнерін тыңдап, үлгі ретінде қарастырады;
- бейнематериалдағы бояу, дауыс ырғағы, музыка, ым-ишара тіл үйренушінің эмоциясына әсер етеді.

Оқытушы сабақта пайдаланатын бейнематериалға аса ұқыптылықпен қарап, тіл үйренушілердің тілді білу деңгейлері мен жастарын ескеру керек. Сонымен қатар көрсетілетін сюжеттің сапасына да басты назар аударған жөн. Кейіпкерлердің дауысы анық шығатын, бейненің көрсетілу сапасы жоғары және бейнематериал сабақ тақырыбына сай болған жағдайда ғана нәтижелі болады.

Бүгінгі күні бейнеқұралдарды пайдаланып сабақ жүргізуде «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшісінің тілдік портфелі» жүйесіндегі «Бейне сабақтар курсы» (CD дискісі және оқу құралы) – оқытушының да, тіл үйренушінің де сұранысын толық қамтамасыз ете алатын оқу-әдістемелік кешен. Оқу құралы – бейнекурспен жұмыс жасаудың арнайы әдістемесі. Бейнесабақтар курсы «Тілдік портфель» технологиясының кішкентай бір бөлшегі ғана. Тілдік портфель – қазақ тілі бойынша жаңа технологияларға негізделіп, оқытушы мен тіл үйренуші үшін арнайы әзірленген оқу-әдістемелік құралдар жүйесі. Бұл жүйедегі қазақ тілін үйрену-үйрету құралдарының әрқайсысы өз алдына зор еңбек.

Бейнекурспен жұмыс істеу үш кезеңнен тұрады: 1) бейнесюжетті көруге дейінгі, 2) бейнесюжетті көру, 3) бейнесюжетті көруден кейінгі кезеңдер. Бейнесюжетті көрсету алдында жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен жұмыс жүргізіледі, яғни меңгерілетін лексикамен жұмыс істеу керек. Бейнесюжетті көрсету барысында кейіпкелерді тыңдау, көру, олардың сөздерін, ым-ишарасын есте сақтауға тырысу және жазбаша тапсырмалар орындау жүргізіледі. Соңғы кезеңде сұрақтарға жауап беру, жазбаша тапсырмалар орындау, рөлде ойнау, көрініс мазмұнына жоспар құру, мазмұндау, өз көзқарасын айту сияқты тапсырмаларды орындайды.

Бейнесюжеттің мәтінін қабылдау мен оның мазмұнын түсінуде туындайтын қиындықтарды жоюға бағытталған жұмыстар жасалады, яғни тақырып бойынша жаңа сөздер енгізіліп, қажет грамматикалық материал түсіндіріліп, бекітіледі. Меңгерілетін лексика айтылады және титрда жазылады.

Бейнесабақтар курсы бейнеқұралға қойылатын барлық талаптарға сай жасалған, яғни, бейнедиск үш деңгейге арналған бейнесабақтардан тұрады. Бейнесюжеттерде кәсіби актерлер ойнайды. Олардың анық, дұрыс, таза сөйлеуі, назарларының үнемі тіл үйренушіге бағытталуы, ым-ишара тілін қолданулары, сөздерінің музыкамен, сюжетті бейнелермен көркемделуі дидактикалық, эстетикалық талаптарға сай. Сонымен қатар бейнекурста тілдік қарым-қатынас түрлерінің (тыңдау, жазу, оқу, сөйлеу) барлығы қамтылған. Бейнесабақтар курсы бойынша сабақ тақырыптарын төмендегі кестеден көруге болады:

Қазақ тілін үйрету деңгейлері	Лексикалық тақырыптары
Бастауыш деңгей. Тілдік бағдар. А-1	Менің Отаным – Қазақстан Республикасы. Мен – мемлекеттік қызметшімін. Отбасы. Әріптестер.
Бастауыш деңгей. Тілашар. А-2	Іссапарға шыққанда. Табиғат құбылыстары. Жыл мезгілдері. Біз қаншамыз? Қазақстанның 2009 жылғы халық санағы. Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі.

Жалғастырушы деңгей. Тіл дамыту. В-1	Қазақстанда туризмді дамыту . Мемлекеттік қызметке қалай түсуге болады? Ғалым және оның ілімі. Кітапханада. Кәсіби шеберлік сыры.
Жалғастырушы деңгей. Тіл ұстарту. В-2	Мемлекет қызметшісінің беделі – мемлекет беделі. Қазақстан Республикасының дүниежүзі елдері арасындағы беделі (дипломатияның дамуы). Астана – Қазақстанның тұғыры. Қазақтың ұлттық дастарханы.
Жоғары деңгей. Тіл мәдениеті. С-1.	«Дағдарыстан даму мен жаңаруға». Мемлекеттік басқару Академиясында оқығым келеді. Ғарыш. Қазақстан.Байқоңыр. «Адам, сен алдымен өзіңді таны ...».
Жоғары деңгей. Тілдік тұлға. С-2.	«Еңбекпен ер көгерер ...» Қазақстанның болашақ тізгінін ұстар жастары. Қазақстанның мәдениетімен танысыңыз. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі.

Әр сабақтың құрылымында сұхбат, меңгерілетін лексика, игерілетін негізгі айтылымдар және «Грамматикалық қадам жасаңыз!» атты бөлім жаттығу жұмыстарымен берілген.

Бейнесабақта қолданылған бірнеше тапсырманы қарастырып көрейік.

Бастауыш деңгей. «Тілдік бағдар» - А-1. «Отбасы» тақырыбы бойынша берілген тапсырмалардан үзінді.

1-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз

- Сіздің отбасыңыз қайда тұрады?
- Отбасыңызда қанша адам бар? Олар кімдер?
- Отбасыңызда қандай әдет пен дәстүрлер сақталған?

2-тапсырма. Берілген сөздерді оқыңыз, есте сақтаңыз

<ul style="list-style-type: none"> • ұрпақ • отбасы • дәстүр • іні • қарындас • жұбай 	<ul style="list-style-type: none"> • мемлекеттік қызмет • шетел • бағдарлама • шөбере • сүйсінерлік • ұрпақ жалғастығы • жақынырақ танысу
---	--

3-тапсырма. Бейнесюжетті көріңіз

Темірхан: «Отан отбасынан басталады» деген дұрыс. Әрбір отбасы кішкене бір мемлекет. Менің отбасымда төрт ұрпақ тұрады. Бұл – бір тамаша дәстүр.

Ержан: Менің отбасымда екі ғана ұрпақ тұрамыз. Бірақ менің інім мен қарындасым бар.

Темірхан: Ал енді мен отбасыммен таныстырайын. (Отбасының суретін көрсетіп айтады). Өздеріңіз көріп отырғандай, отбасымыз үлкен. Отбасымызда

төрт ұрпақ тұрады. Олар – атам мен әжем, әкем мен шешем, мен өзім және жұбайым, менің балаларым. Атам мен әжем – үлкен кісілер. Әкем мен шешем жұмыс істейді. Әкем – дәрігер, шешем – мұғалім.

Әлия: Біздің отбасымыз да кішкентай емес. Менің екі апам (әпкем), екі сіңілім, ағам, екі інім бар. Ал енді ата-анам және мені қосқанда он адам бармыз. Сондай-ақ менің ата-әжем де бар. Олар ауылда тұрады.

Ержан: Апа-ағаларың қайда тұрады?

Әлия: Ағам Алматыда, ол мемлекеттік қызметте. Ал екі інім шетелде «Болашақ» бағдарламасымен оқып жатыр.

Темірхан: Сонда сіздің ата-әжеңіздің шөберелері де бар болғаны ғой.

Әлия (Отбасы суретін көрсетіп): Иә, мынау – Азамат. Ол жеті жаста. Мынау – Бақыт, бесте. Олар – менің ағамның балалары.

Ержан: Сүйсінерлік, сонда ұрпақ жалғастығы деген осы: әкеден – бала, баладан – немере, немереден – шөбере.

Темірхан: Менің тілейтінім – бақытты отбасыларының елімізде көп болуы.

Ержан: Мен де солай ойлаймын.

Темірхан: Демалыс күні сіздерді үйге қонаққа шақырамын. Сол кезде менің отбасыммен жақынырақ танысасыздар. Ал қазір жұмыс орындарымызға барайық.

Әлия мен Ержан бірге: Рахмет!

4-тапсырма. Кейіпкерлердің әңгімесінен қандай туыстық атауларды естідіңіз?

5-тапсырма. Тыңдалған сұхбат бойынша берілген кестені толтырыңыз

Темірханның отбасында кімдер бар?	Ержанның отбасында кімдер бар?	Әлияның отбасында кімдер бар?

6-тапсырма. Берілген сөйлемдердің шын немесе жалған екендігін айтыңыз

Сөйлемдер	Шын	Жалған
Темірханның отбасында екі ұрпақ тұрады.		
Ержанның отбасында төрт ұрпақ тұрады.		
Әлияның отбасы кішкентай.		
Әлияның ағасы Алматыда тұрады.		
Темірхан сенбі күніне қонаққа шақырды		
Бәрі жұмыс орындарына кетті.		

7-тапсырма. Сұхбатты толықтырып жазыңыз

Ержан: Темірхан, отбасыңызда қанша адам бар?

Темірхан: Отбасымда _____ тұрады. Олар – _____

Ержан: Іні, қарындасыңыз бар ма?

Темірхан: _____

Ержан: Олар қайда тұрады?

Темірхан: _____
 Сергіту сәті



Жалғастырушы деңгей. Тіл ұстарту. В-2. «Мемлекет қызметшісінің беделі – мемлекет беделі» тақырыбы бойынша берілген тапсырмалардан үзінді.

8-тапсырма. Бейнесюжет кейіпкерлерімен танысыңыз. Оларды сипаттаңыз.



Темірхан



Ержан



Әлия



Мерей

9-тапсырма. Бейнесюжет бойынша берілген сөйлемдерді авторларының атымен байланыстырыңыз

Ержан	Әл-Фараби: “Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді және адамның басына қонған бақтың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты” деген екен.
Темірхан	Құрметті, әріптестер, біздің қатарымыз жас мамандармен толықты.
Мерей	Мен үнемі өзімнің үлкен әріптестеріме қарап, үйреніп жүремін. Солардың көптеген істеріне сүйсінемін де.
Әлия	Біз де мемлекеттік қызметімізді “ҚР мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексімен” танысудан бастадық.

10-тапсырма. Берілген сөздердің мағынасын түсіндірмелі сөздіктен тауып жазыңыз

Мемлекет – _____

Қызмет – _____

Ар-намыс – _____

Қалтқысыз – _____

Мүдде - _____

11-тапсырма. Бейнесюжет кейіпкерлерінің рөлінде ойнаңыздар

Темірхан: _____

Ержан: _____

Мерей: _____

Әлия: _____

Қорыта айтқанда, жоғарыда аталған бейнесабақтар курсының ерекшеліктеріне оқытушының тіл үйретуге деген дұрыс ниеті, біліктілігі, еңбекқорлығы қосылса, ең енжар тіл үйренушінің өзі белсенді қатысушыға қалай айналғанын білмей қалады. Бейнесабақтарға деген қажеттілік, сұраныс үлкен болу керек, себебі көрнекіліктердің тоғысқан жері, түрлі қарым-қатынас, тәсілдер тек сөйлеуге ғана ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі – Алматы, 2005.
2. Н.Құрман, Қ.Қадашева, Б.Құрманова, К.Көпеш. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшісінің тілдік портфелі» жүйесінің БЕЙНЕСАБАҚТАР КУРСЫ бойынша оқу құралы – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы ТДРҮӨӨ, 2009